

ISSN 0207-5474



Бастауыш  
МЕКТЕП

## ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ

2-сынып (12 жылдық)

Р.Қ. ӨМІРТАЕВА,

№4 мектеп-гимназияның бастауыш сыйнып мұғаламі

Тақырыбы: "Боран", авторы С.Мұқанов

Сабактың мақсаттары:

1) Тақырып мазмұнындағы негізгі кейіп-керлерді айқынданда отырып, идеялық мазмұнын түсіндіру;

2) "Көнілді еді қыс қандай?" беліміне шолу жасай отырып, окушы ойын тыңдау, сөлеуе дағдыларын қалыптастыруға ықпал ету;

3) Адам еңбекін бағалай білуге тәрбиелеу, үлттых дүниетанымын тереңдетуде шығарма-шылыққа баулу.

Пәнаралық байланыс: дүниетану, еңбек, бейнелеу, әдебиет т.б.

Көрнекіліктер: Автор портреті, үнтаспа, окушылар сурет көрмесі; тақырыпқа байланысты көрнекілік.

Сабактың түрі: дәстүрлі (кіріктірілген десе де болады).

Әдіс-тәсілі: сұрақ-жауап, жаңа технология элементтері.

I-бөлім. Қысқы табиғат құбылыстарына шолу.

Сұрақ-жауап арқылы қысқы табиғат құбылыстарына шолу.

а) Қазір қандай жыл мезгілі жөне қандай айлар жатады? (Қыс мезгілі. Желтоқсан, қантар, ақпан.)

ә) Қыс айындағы табиғатқа шолу жасайықшы, қандай құбылыстар болады? (Күн сұзық, қар

жауады, жел тұрады, аяз қысады, қырау басады, боран болады.)

б) Тірек схемасы бойынша қар, жел, аяз, тұман, қырау түрлерін еске түсірту.

в) Қар түрлеріне түсініктеме:

Қырбак қар – жұқа жауған қар.

Омыбы қар – ат бауырына дейін келетін қар.

Сүрі қар – ерте түсіп ерімей, қыс бойы қалындаған тозаң, топырақ сініл бетікүлгін нығыз қар.

Үйме қар – боранды жел сырғытып, бір жерге тау-тәбе болып үйілген қар.

Үрме қар – жел үрлеп, жиынтықтаған тығыз қар.

Ақша қар – жаңа жауған таза қар.

II-бөлім. 1. Жаңа сабак.

а) Жаңа сабакты бастамастан бұрын қысқы табиғат құбылыстарына қар, аяз, жел, тұман, қыраудан басқа қандай құбылыс айтылмаганын еске түсірте отырып, тақырыпты ашу, хабарлау.

ә) "Боран" авторы С.Мұқанов.


Боран түрлеріне шолу: ақ боран, түтеген, долы, сырғыма, үйтқыған, дүлей, түк көрінбейтін т.б.

б) Үнтаспадан боранның соғуын тыңдау.

2. Окупылқыпен жұмыс:

а) мұғаламінің мәтінді оқуы;

ә) окушыларға оқыту.



### 3. Сөздік жұмысы:

Қос – жылқышының паналайтын, ықтайдын баспанасы.

Мылқау – тіл жоқ, сейлемейді.

4. "Боран" тақырыбына байланысты көрнекілікті көрсете отырып, боран мен желдің кейіпкерлерін атату, мәтіндегі қымыл, құбылыстарын окулықтан тауып оқыту, өздіктерінен түсініктерін тындау.

5. Соңғы азат жолдағы мәтінді оқи отырып? "Жылқышыға қарап неге жымиды деп ойлайсыңдар?"

а) Мәтіндегі негізгі кейіпкер кім? Жылқышы, оның еңбегі, тіршілік өрекеті, мылқау табиғат.

Жылқы малы жайында түсінік беріп өтү:

Тақ түякты мал, өзінің азығын түяғымен теуіп жейді; түргеліп тынығады, яғни үйіткайды. Бірақ та бір орнында түрмайды; қыста таза қар жейді; жазда судың тұнығын ішеді. Сондықтан, мінсен – көлік, жесен – тамақ, ішсен – суын деп бағалаған.

Қазақ халқы жылқыны – малдың патшасы деген, айнымас серігі. Жаугершілік заманда жылқы малының ерлігі, талай батырдың серігі болғандығын ақын-жазушылар талай суреттеп, жырлаған.

Мысалы: Алпамыс батырдың Тайбурылы, Қобыланды батырдың Байшұбары, Ақансерінің Құлагері аңызға айналғаны шындық.

Жылқыға байланысты мақалдар, ырымтыйым сөздерді еске түсірейікші.

Тай атқа,

Ат мұратқа жеткізер.

Алып анадан туады,

Ат биеден туады.

Атқа, жылқышыға байланысты ырымтыйымдарды айту.

а) Жылқышы үстайтын құрықтан, балта мен бақаның үстінен аттауға болмайды.

Өйткені: құрық, бақан аттаған байымайды, балта аттаған жарымайды деген сенім бар.

ә) Қорада тұрган аты иесін көріп, аузын ашып есінеле – жақсылық нышаны.

б) Жолға жүргелі тұрганда құмалақ тастаса – жолым болады деп ырымдаған.

в) Мініп жүрген атын ағайын, туысқа сыйға бергенде немесе басқа бөтөн адамдарға сатса, ноқтасы мен жүтегін алып қояды. Оны үйдің он

жақ босағасына іліп қойып, үнемі майлап, баптап үстайды.

Әр оқушының ойын тыңдау. "Ой толғай".

Себебі: табиғат та адам еңбегін құрметтейді, табиғат бас іеді. Ендеше, "Еңбек – бәрін женбек" мақаласымен қорытындылады.

4. Жыл мезгілінде боран түрлери (боран жазда, қыста, көктемде, күзде де болады).

Жазда – топырақты дауыл.

Күзде – жапырақ, топырақ.

Қыста – қар борайды.

Көктемде – ағаштар сынып кетуі.

Осы құбылыстар нениң әсерінен болады?

Ендеше:

жел – бораның күшектікіш құбылысы,

аяз – қыраудың құбылысы

қар – қыста жауатын ақ түсті тоқазыған тосап т.б.

III-бөлім. "Көнілді еді қыс қандай?" бөлімін қайталаң өтү:

"Көнілді еді қыс қандай?" бөлімін қайталаң отырып, қыс туралы халық болжакуларын айтқызу (үйге берілген тапсырма).

а) Мысалы: Бұлт желге қарсы жөнкісе, қар жауады.

Күзде ағаштың жапырақтары ерте түссе, қыс қатты болады.

Үйрек бір аяғымен тұрып, басын қанатының астына жасырса, аяз болады.

Қыста тауық ерте қонақтаса, күн сұытады.

ә) Ойын ойнату: "Қай мәтіннен? Авторы кім? Қай өлеңнен т.б."

**Мақсаты:** Оқушылардың есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөйлеу дағдысын қалыптастыру.

б) Дәлтермен жұмыс. "Боран" құбылысын, түрлөрін сипаттап окулықтан өздіктерінен тауып жазу.

**IV-бөлім.** Қорытынды бөлімі.

а) сұрақ-жауап арқылы "Боран" тақырыбының азат жолдарын пысықтау.

ә) оқушылардың ойын тыңдау, өздеріне бағалату.

б) оқып, табиғат құбылысы туралы жазылған жолдарын дәлтерлеріне жазу.

в) екі азат жол мәтінін жаттап, ырғақпен баянданап келу.

Астана қаласы.